

Аудан әкімдігінің қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 2 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабын басшылыққа алып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 196 "Қызылқоға ауданы әкімдігі "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3312 тіркелген, аудандық "Қызылқоға" газетінде 2015 жылғы 22, 29 қазанында жарияланған) қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулы аудандық "Қызылқоға" газетіне жариялансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы М. Абуовке жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Б. Әжіғалиев